



Черепова Лидия Емельяновна.

Черепова Лидия Емельяновна 1924 жылы Мәртөк ауданы Казанка ауылында дүниеге келген. Ақтөбе теміржол училищесін бітірді. Мәртөк станциясында стрелочник болып жұмыс жасады. Лидия Емельяновна 17 жасында соғысқа аттанып, ол Украина фронтында, атап айтқанда ст.Коростень Житомир облысы №4 әскери бөлімшесінде болды. Сол жақта соғыс жылдары жұмыс жасаған. Ата-анасы қыздарын жеңістен кейінде көре алмады, соң «1946 жылы 1 ақпанда Сіздің қызыңыз теміржол апатынан қаза болды» деген телеграмма алды. Лидия Емельяновнаны теміржол жұмысшылары жерлеген. Лидия Емельяновна Черепова небәрі 21 жаста болған.

Черепова Лидия Емельяновнаның жиен сіңлісі Валентина Ивановна Лунгол (Черепова) Жеңіс күнінің 70-жылдығына орай апасын еске алу мақсатында өз өтінішімен «Мәртөк тынысы» редакциясына хат жолдады. Газет бетіне Лидия Емельяновна Черепованың қысқаша өмірбаянын жолдап, Ұлы отан соғысы қатысушыларымен қатар мүмкіндігі болса аудандық естелік кітабына енгізу ұсынысымен 2014 жылдың 15 қаңтардағы №2-3 санды «Мәртөк тынысы» газетінің бетіне өз өтінішімен шықты. Бүгінгі күнде Лидия Емельяновна Черепованы танитын адамдар өмірден озып кетті, қазір ол кісінің тек қана жиен сіңлісі Валентина Ивановна Лунгол Мәртөк ауданында жасайды.